

Шетелдік нарық экономикасының тәжірибелері шағын кәсіпкерлік пен кәсіпорындарды дамытуда қолдауда лизингтік және франчайзингтік қарым-қатынастардың қолайлылығын да дәлелдеді.

Шағын кәсіпорынның ірі орталық және шетелдік компаниялардың құрал-жабдықтарын, қаржы-қаражаттарын, технологияларын пайдалану арқылы дамуы да тығырықтан шығудың бір жолы іспетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар

2 Молдабекова А. ҚР-да екінші деңгейдегі банктердің шағын және орта бизнесті несиелендіру жағдайы және несиелеудің жаңа түрлері мен даму болашағы /А.Молдабекова // Ізденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2009. – № 2. – С. 14-17

3 Кәсіпорынның инвестициялық қызметін несиелеудегі тәуекелді басқару / К.Б.Мукашев // ҚазҰУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2010. – № 5. – С. 62-65 .

4 БҚО статистикалық материалдар жинағы, 2013, 2014 жыл

5 www.damu.kz

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются сущность, роль и значение малых предприятий в экономике. На основе статистических данных представлен анализ условий организации малого бизнеса и указаны пути их совершенствования.

RESUME

In this article are considered the essence, role and importance off small enterprises in the economy. On the basis of statistical data is given the analysis of organization conditions of small business and the ways to improve them.

УДК 339.9

А. А. Максотова, магистрант

А. М. Казамбаева, ғылыми жетекші, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ ДАМУДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ РОЛІ

Аннотация

Мақалада «тұрақтылық даму» түсініктемесінің қазіргі заманғы аспектілері, компаниялардың қаржылық стратегиясын әзірлеу әдістемелік аспектілері қарастырылған. Осы терминнің ауылшаруашылық саласында қолдануы талданған. Агроөнеркәсіп кешенінің тұрақтылық дамуының авторлық түсініктемесі берілді.

***Түйін сөздер:** сыртқы экономика, географиялық бедер, өндірістік процесс, интеграция, интеграциялық ұйымдар, экономикалық одақ.*

Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттерден айырмашылығының бірі – пайдалы қазбаларының өте мол қорының болуы екендігі бәрімізге мәлім. Жерасты және жерүсті ұлттық байлықтарымыз текшелеп, есептегендей әр аймақтың климаттық, географиялық бедеріне байланысты бөлініп орналасқандығы да тегін емес.

Жаһандық рейтингке сәйкес, Қазақстан бизнесті жүргізуге ең қолайлы жағдайы бар елдер тобына кіреді және біз бұл үрдісті өрістете түсуге тиіспіз.

Сол сияқты Батыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының қиыр солтүстік-батысында Орал өзенінің төменгі ағысының төменгі бөлігі және ортаңғы ағысының төменгі бөлігі бассейнінде орналасқан және Орта Азия аумағының қақпасы болып табылады. Еділ-Орал және Орал-Ембі өзен аралығы кеңістігі аясында (Самара және Бұқар жақтарында), тоқтаусыз кіші және ұсақ өзендер бассейні орналасқан.

Батыс Қазақстан облысы 1932 жылы 10 наурызда (бұрынғы Орал орнында) құрылды. 1962 жылы Орал, ал 1992 жылы алғашқы атауы берілді. Облыс тұрғындары 603,6 мың адамды құрады. Облыс орталығы – Орал қаласы, ол Жайық өзенінде орналасқан. 1997 ж. ортасына дейін облыс 16 әкімшілік аудандарға және Орал қаласы территориясына бөлінді. 1997 жылы облыстың әкімшілік-шаруашылық бөлінуінің оптимизациясы атауын алған, әкімшілік аудандардың бірігу процесі біртіндеп басталды. Қазіргі кезде облыста 12 ауылдық аудандар және 2 кішігірім қала, 4 ауыл, 472 селолық және ауылдық округтер бар[3].

Территорияның жер бедері –жазық.Облыстың солтүстік және солтүстік шығысында Жалпы Сырт және Оралалды үстіртінің тау сілемдері орналасқан. Оңтүстігінде, Каспий маңы ойпатының аясында, Нарынқұм құмды массивтері орналасқан.

Облыс территориясы бойынша, облыстың негізгі су артериясы болып табылатын, Жайық өзені ағып өтеді. Басқа ірі өзендер: Сарыөзен, Қараөзен, Қалдығайты, Өлеңті, Бұлдырты, Шыңғырлау. Ірі көлдері: Шолдакөл, Аралсор, Боткөл, Жалиыркөл, Сұлукөл және т.б.

Батыс Қазақстан облысында мұнай мен газдың болашағы палеозой және мезазой қалдықтары болып табылады. Бұған дәлел – қысқа мерзімде өнеркәсіптік өндіруге дайын болған Қарашығанақ кен орнының қоры бойынша бірегей ашылу. Бұл кен орнында 5600-6200 м тереңдік интервалында Девонды тұзды шөгінділерден жеңіл мұнай бұрқақтары алынды[2].

Мұнай және газ кені облыстың басқа да құрылымдарында анықталды. Аймақтың солтүстігінде салыстырмалы 3000-3300м тереңдікте Камен, Чинарев, Теплое, Чувашин, Цыганов, Дарьинск, Ульяновск, Гремячинск және басқа кен орындары ашылды. Мұнайгаздың болашақ көрінісі облыстың шығысында Қаратөбе ауданында табылды: Шынғыс, Бекет, Құбасай.

Көмірсутектер кені Аукетайшағыл, ПорАртур, Болғанмола және т.б. аумақтарында анықталды. Облыстың солтүстігінде 50 м тереңдікке дейінгі Юра шөгінділерінде тактатас кен орындары белгілі.

Облыста құрылыс үшін материалдық жүзден аса кен орындары барланды:бор, әк, құрылыс құмы, құмды-қиыршық тасты шөгінділер, керамзит және кірпіш саз және т.б.


Облыс территориясының көп бөлігін абсолютті биіктігі бар Тайпак ауылы кеңістігінен оңтүстікке қарай, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігін алады; Жалпы сырт қыраты арқылы облыстың солтүстік-шығысындағы ойпат Жалпы сырттың оңтүстік тау сілеміне жалғасады, ол солтүстік-шығысында Орал асты үстірттің батыс бөлігіне, батысында (Астрахань және Волгоград облыстары)және солтүстігінде (Саратов,Самара және Орынбор облыстары) Батыс Қазақстан облысы Ресей Федерациясымен шектеседі, шығысында Ақтөбе, ал оңтүстігінде – біздің Республикамыздың Атырау облыстарымен шектеседі және олармен темір жол желісі, автомобиль, су және ауа көліктерімен байланысады[1].

Облыс шекарасының жалпы ұзындығы 2274 шақырымға тең (Ресеймен мемлекеттік - 1400, республикада облыстық -874).

Кез-келген интеграциялық процесс, ол ең алдымен аймақаралық әріптестікті дамытады, тауар айналымы көлемін ұлғайтады, өндірістік факторлар мен еңбек ресурстарының еркін қозғалысын қалыптастырады.

Жалпы әлемдік тәжірибеде интеграциялық ұйымдарды құру арқылы, сол интеграциялық процесске қатысушы елдер арасында шекералас аймақтардың тауар айналымын кеңейтіп, көптеп жаңа кәсіпорындардың ашылуына жағдай жасалған. Міне осы бағыттағы Еуразиялық экономикалық одақтыңда сол одаққа кіретін елдер үшін маңызы зор, соның ішінде Ресей елінің бес аймақтық облысымен шектесетін Батыс Қазақстан облысы үшін Еуразиялық экономикалық одақтың берері көп деп айтуға болады[4].

1 сурттен көріп отырғанымыздай 2014 жылдың қорытындысы бойынша Батыс Қазақстан облысының Ресей елінің арасындағы тауар айналымы 714,9 млн. АҚШ долларын құрап, отыр ол 2011 жылмен салыстырғанда 49% өскен, ал облыстың Беларусь елімен арасындағы тауар айналымы 49,7 млн. АҚШ долларын құрап отыр және ол 2011 жылмен салыстырғанда екі есе өскен.



1 сурет – Батыс Қазақстан облысының ЕАЭО одақ елдерімен арасындағы тауар айналымы көлемі, млн. АҚШ доллары

Сондықтанда Еуразиялық экономикалық одақты дамыту арқылы оған мүше елдер арасында экономикалық дамуды қалыптастыруға барлық мүмкіндіктер бар деп айтуға болады, олар:

- облыс аймағында Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы негізінде тауарөндірушілер арасында бәсекелестік күшейеді, бұл дегеніміз тұтынушылардың сапалы тауарды төмен бағада еркін пайдалануына мүмкіндік береді, сондықтанда Ресей және Беларусь елдерінің нарықтарын егжей тегжейлі зерттеп, отандық тауар өндірушілердің осы нарықтарға тауар өндірісін ұлғайтуды қамтамасыз ету;

- ірі жобалар негізінде құрылған кәсіпорындардың толықтай өнім өндіруіне 17 млн. халқы бар нарық толық мүмкіндік бермейді, сондықтанда 170 млн. халқы бар нарыққа өнім өндіруді қалыптастыру қажет;

- аймақтардың тауар өндірісі жетістігін жарнамалау бағытында шекералас аймақтардың тауарөндірушілері арасында үлкен жәрмеңкелер мен көрмелерді ұйымдастыру және транспорттық-логистикалық орталықтардың жұмысын жетілдіру;

- ғылым саласын дамыту мақсатында біріккен ғылыми жобаларды қалыптастыру, қазіргі таңда Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университетінде көптеген ғылыми жобалар Ресей ғалымдарымен бірігіп орындалуда және осы ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізу мақсатында инженерингтік кәсіпорындарды құру арқылы біріккен жаңа кәсіпорындардың ашылуына жағдай жасау;

- облыс аймағындағы ауылшаруашылық кәсіпорындарының техникалық және технологиялық мүмкіндіктерін жоғарлату бағытында, өнім өндіруші кәсіпорындардың кооперациясын құру, кооперация құру бұл тауарөндірушілер арасында төмен бағамен шикізатты пайдалануға және төмен ставкалы лизингтік операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- облыс аймағы географиялық жағынан Ресей елімен тығыз шекаралас болғандықтан табиғи ресурстарды да тиімді пайдалануға қол жеткізуге болады, олар: Орал өзенінің және Қамыш-Самар өзенінен бастау алатын Үлкен және Кіші өзендерінің су ресурстарын тиімді пайдалану және оның экологиялық жүйесін тұрақтандыруға жағдай жасау, соның ішінде көктемде болатын су тасқыны жұмыстарын бірігіп ұйымдастыру;

- сонымен қатар шекаралас аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт саласында экономикалық әріптестікті жетілдіруге жағдай жасау.

Жалпы одаққа мүше елдердің табиғи ресурстарын, адами капиталын, қалыптасқан өндірістік инфрақұрылымды ескере отырып, Еуразиялық экономикалық одақты дамыту кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады және ол ұлттық экономиканың дамуына жағдай жасайды. Ал бұл деп тұрғанымыз Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болудағы алғы шарттардың бірі, сондықтанда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болу арқылы Қазақстан өзінің әлемдік нарықтағы басты бағыттарын күшейте түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Киреев А. Международная экономика : учеб.пособие в 2-х ч. / А.Киреев Ч.1 : Международная микроэкономика: движение товаров и факторов производства. – М. : Международные отношения, 1999. – 416 с.
- 2 Темирбекова А.Б. Влияние интеграции на конкурентоспособность национальной экономики (на примере АПК ЕАЭС) / А.Б. Темирбекова, А.Т. Ускепенова, Ш.А. Болуспаев, Н.А. Алдабергенов // Евразийская экономическая интеграция. – 2015. – №1 (26) февраль. – С.105.
- 3 Сидорский С.С. Евразийская экономическая интеграция: цифры и факты. Направления деятельности Евразийской Экономической Комиссии // Сайт Евразийского экономического союза www.eaeunion.org. – 2014. – С. 42-43.
- 4 Байзаков С.Б. Методы анализа внешнеторговой политики и выводы для Казахстана / С.Б. Байзаков, М.А. Есенеев // Вестник КазГУ. Серия экономическая, 2013. – №2(18). – С. 103-109

РЕЗЮМЕ

Развитие экономических интеграционных процессов в приграничных территориях рассматривается как один из важнейших путей интенсификации социально-экономического развития регионов. Развитие региональной экономической интеграции - это обеспечение свободного движения товаров, капиталов, услуг и рабочей силы на территории экономического пространства.

RESUME

Development of economic integration processes in border-line territories is examined as one of major ways of intensification of socio-economic development of regions. Development of regional economic integration is this providing of free motion of commodities, capitals, services and labour force on territory of economic space.

УДК 338.436

А. С. Нагимова, магистрант 2 курса,

Р. С. Габдуалиева, доктор экономических наук, профессор, научный руководитель
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск, Казахстан

НАПРАВЛЕНИЯ ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ АГРАРНОГО СЕКТОРА РЕГИОНА

Аннотация

В статье рассматриваются основные направления инновационных процессов аграрного сектора Казахстана, через развитие инноваций предлагаются классификация их типов и пути совершенствования инновационной системы в данной отрасли.

Ключевые слова: аграрный сектор, инновации, типы инноваций, направления инноваций.

Согласно Стратегическому плану развития Республики Казахстан до 2020 г. одним из приоритетных направлений развития экономики является переход от экстенсивного, сырьевого пути развития к индустриально-инновационному. Этот переход невозможен без развития национальной инновационной системы.

НИС представляет собой систему взаимосвязанных институтов для создания, хранения, передачи знаний и технологий, обладающую внутренней структурой, установленной государством для воздействия на инновационный процесс [2]. Также НИС можно определить